

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 "Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 08-1/276, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 468 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4426 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 488 Бірлескен бұйрықтарымен

Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2009.12.14 N 08-1-1-1/457 және ҚР Ішкі істер министрінің 2009.12.22 N 488 бірлескен бұйрықтарымен.

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 227-р өкімін атқару мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бірлескен бұйрығына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2162 болып тіркелген (Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің N 25-26 бюллетенінде жарияланған енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 08 қыркүйектегі N 08-1/126 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 661 бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2604 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/

187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2662 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3022 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 08-1/254 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 605 бірлескен бұйрығымен , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3247 болып тіркелген), мынадай толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы бірлескен бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық:

мынадай мазмұндағы 8-1 тармағымен толықтырылсын:

"8-1. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бойынша және ҚР СІМ, ҚР ІІМ мен ҚР ҰҚК-мен келісілген паспорттық мәліметі бар Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушылардың (дилерлер, брокерлер және эмитенттер) (бұдан әрі - АӨҚО қатысушылары) тізімдері негізінде, АӨҚО қатысушыларына, АӨҚО әкімшілігі жанындағы халықаралық кеңес мүшелеріне, сондай-ақ олардың отбасыларының мүшелеріне көп мәртелік инвесторлық визалар беріледі. Өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухатын ұлттық қауіпсіздік органында келісу 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады .

Өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның белгіленген тәртіпте келісілген қолдаухаты бойынша АӨҚО қатысушыларға өтініш берілген күні бір айға дейінгі мерзімге бір мәртелік инвесторлық виза беріледі .

Осы тармақта ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР ҰҚК-ке беру туралы көзделген мәліметтің уақтылығы мен дұрыстығы үшін өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган жауапты болады.";

56 тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "ҚР СІМ-нің консулдық пункттері өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның белгіленген тәртіпте келісілген қолдаухаты бойынша АӨҚО қатысушыларға инвесторлық виза береді .";

мынадай мазмұндағы 68-1 тармағымен толықтырылсын:

"68-1. Визалардың қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ АӨҚО

қатысушыларға визалардың санатын өзгерту осы нұсқаулыққа сәйкес өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан шықпай жүзеге асырылуы мүмкін".

2. Осы бұйрық ресми жария етілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
төрағасы

2006 жылғы 30 қыркүйек